

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті нығайту және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 23 қараша 1994 ж. N 1964. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қолданылып жатқан ұйымдастыру тәрбие және құқық шараларына карамастан, республика Қарулы Күштеріндегі әскери тәртіптің жайы қойылып отырған талаптарға сай келмейді. Құқық бұзушылық саны өсіп келеді, әскери қызметшілер қаза тапқан кездер бар, жарғыға сәйкес келмейтін өзара қарым-қатынас және әскери қызметтен жалтару, қару мен оқ-дәрі ұрлау фактілері орын алуда. Әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғау әрі әскерлерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету жеткіліксіз жүзеге асырылып келеді.

Әскери тәртіпті және құқық тәртібін нығайту, әскери қызметшілердің құқық бұзушылығына қарсы күресті күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Шекара және Ішкі әскерлерінің, Республикалық Ұланның қолбасшылығы, барлық деңгейдегі командирлер әскери ұжымдарда кінәратсыз моральдық-психологиялық ахуал, берік жарғылық тәртіп орнатуға, жеке құрамның жауынгерлік даярлығын арттыруға, интернационалдық достық, әскери жолдастық және өзара демеу негізінде әскери расчеттар, экипаждар ұжымдарын топтастыруға бағытталған ұйымдастыру-тәрбие шараларының кешенін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- 1995 жылғы 1 наурызға дейін Қарулы Күштерді реформалау барысын қарап, әскерлер түрлері мен тектерінің жеткіліктілігі жөнінде ұсыныстар енгізісін, олардың толық және уақтылы қаржыландырылуы мен материалдық-техникалық жабдықталуын қамтамасыз етсін;

- "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңның Қарулы Күштерді қаржыландыру жөнінен орындалуы бойынша шаралар қабылдасын;

- 1995 жылғы 1 ақпанға дейін Қарулы Күштердегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс тұжырымдамасын бекітуге енгізісін;

- 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыс істеп тұрған әскери оқу орындарында офицер-тәрбиешілер даярлау жөніндегі факультеттер ашу туралы мәселені қарап, әскерлер түрлері бойынша мамандандырылған бөлімшелер, сондай-ақ жоғары оқу орындарында осы мамандық бойынша запастағы офицерлер даярлау үшін

әскери кафедралар құратын болсын;

- 1995 жылдың ішінде тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыста пайдалану үшін запастағы офицерлердің қосымша санын екі жылдық әскери қызметке шақыру жөніндегі ұйымдастыру мәселелерін шешсін;

- биылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан Республикасының "Білім туралы" және "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық және орта арнаулы оқу орындарында бастауыш әскери даярлық курсы қайта қолға алу жөнінен өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасын ұсынсын;

- Қазақстан Республикасындағы қылмысқа қарсы күрес пен құқық тәртібін нығайту жөніндегі 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шаралардың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру ауқымында 1995 жылғы 1 наурызға дейін Жоғарғы Кеңестің қарауына "Әскери милиция туралы" Заңның жобасы мен әскери жарғылардың жобаларын енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Шекара әскерлерінің Бас басқармасы, Ішкі әскерлер Қолбасшысының Бас басқармасы:

- құрамалар мен бөлімдердегі әскери тәртіптің жай-күйін кідіріссіз екшейтін болсын. Тапсырылған жұмыс учаскесін қамтамасыз етпеген лауазымды адамдарға атқарып отырған лауазымдарынан босатуға дейін батыл шаралар қолдансын. Тәрбие процесіне барлық деңгейдегі командирлердің, сондай-ақ құрамалар мен бөлімдер штабтарының қатысуын қамтамасыз етсін;

- 1995 жылғы 1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, азаматтарды міндетті әскери қызметке шақыруға әзірлік пен оны өткізуді реттейтін нормативтік актілер әзірлеп, қабылдайтын болсын;

- Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігімен бірлесіп, шығармашылық ұйымдар мен одақтардың әскери-қамқоршылық комиссияларының жұмысын қайтадан қолға алсын;

- қоғамдық бірлестіктермен (солдат аналары, соғыс пен еңбек ардагерлері комитеттері және т.б.) өзара күш біріктіріп, Қазақстан Қарулы Күштерінің дәстүрлерін қалыптастыру, берік әскер ұжымдарын тәрбиелеу жөнінде нақтылы шаралар белгілесін;

- Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің жаңа нысандық киімін және әскер рәміздерін әзірлеу жөніндегі жұмысты жандандыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Жастар істері, туризм және спорт министрлігі әскерге шақырылатындар мен әскери қызметшілер арасындағы тәрбие және әскери патриоттық жұмысты күшейтсін. Министрліктің құрылымында Министрліктің штаты мен оны ұстауға бөлінген қаражаттың есебінен қорғаныс-бұқаралық жұмыс бөлімін құру жөнінде мәселе қарасын. 1995 жылғы 1

ақпанға дейін әскерге шақырылатындардың жалпы шынығуы мен бастауыш әскери даярлығының нормативтерін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Әскери комиссариаттармен бірлесіп дүркін-дүркін әскерге шақырылатындардың әскери-спорттық жиындарын, олардың соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлерімен, әскери қызметшілермен кездесулерін өткізіп т ұ р с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы:

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап Қарулы Күштерде жасалған барлық құқық бұзушылықтың Ішкіісмині ақпараттық-есептеу орталығы деректерінің бірыңғай банкіне және мемлекеттік бірыңғай есепке енгізілуі үшін қажет болатын ұйымдастыру мәселелерін шешсін;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қатысуымен 1995 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде әскери комиссариаттардың әскери қызметке шақыру мерзімін кейінге қалдыру туралы қабылдаған шешімдерінің заңдылығына тексеру ұйымдастырсын.

6. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршілігін кеңінен насихаттасын. Әскери тақырыпқа арналған апта сайынғы телевизиялық хабарды қайта жаңғыртсын. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында майдангер қазақстандықтардың соғысқа қатысуы мен қаһармандығын, дәстүр сабақтастығын кеңінен көрсететін болсын. Әскери тақырыпқа арналған таңдаулы теледидар және радио хабарларына шығармашылық конкурс өткізсін.

7. Жергілікті әкімдер әскери бөлімдерін, шекара заставаларын және басқа әскер ұжымдарын қамқорлыққа алуды ұйымдастырсын. Қамқоршылық комиссияларын әкімдердің өздері басқаратын болсын. Әскери қызметшілердің тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешуге, әскери қалашықтарға жөндеу жүргізуге, азық-түлікпен және отынмен қамтамасыз етуге жан-жақты көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті